

По оценкам АИЖК, по итогам 2016 года выдано около 900 тыс. кредитов на сумму не менее 1,5 трлн рублей (+30% к уровню 2015 года). В случае сохранения или ускорения ноябрьских месячных темпов роста в декабре, объем выдачи ипотеки может незначительно превысить уровень 1,5 трлн. [4]

Учитывая динамику ипотечных ставок и существующий спрос населения на жилье, мы ожидаем, что уже в следующем году может быть выдано более 1 млн кредитов на сумму 1,8 трлн рублей и поставить новый рекорд выдачи ипотечных кредитов.

Подводя итоги, можно сказать, что господдержка внесла весомый вклад в развитие ипотеки в России. Благодаря ей ипотечное жилищное кредитование стало доступным для основной массы населения со средним доходом. Таким образом, ипотека является эффективным инструментом решения жилищной проблемы, важнейшим механизмом регулирования денежной массы, фактором увеличения занятости населения и одним из основных направлений в достижении экономического прогресса в целом.

Список литературы

1. О-НЕДВИЖКЕ.ru [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://o-nedvizhke.ru/>
2. Клевцов В.В. Банки, ипотека и финансовые инструменты – тандем или противостояние // Банковское дело. 2016. № 1. С. 1-12.
3. Куликов А.Г. Ипотека и жилищный вопрос в России // Деньги и кредит. 2016. № 11. С. 1-12.
4. ООО "РУСИПОТЕКА" [2003–2015] [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://rusipoteka.ru/>

*Б.Н. Қалдарова, А.Т. Рысханова, аға оқытушы А.Ж. Әмір
«Нархоз» Университеті, Алматы, Қазақстан
ainur.omir@narhoz.kz, balzhan.qaldarova@narhoz.kz, ainur.ryskhanova@narhoz.kz*

Исламдық қаржы және қаржылық құралдарының ерекшеліктері Особенности исламских финансов и их финансовых инструментов

Аннотация. *Основная цель статьи раскрыть сущность и определить роль исламской финансовой системы. Выявить особенности функционирования и развития инструментов исламского финансирования. Также раскрываются основные направления использования исламских финансов в современных условиях экономики Республики Казахстана. В этой связи проведен анализ и дана оценка деятельности институтов представляющих данный сектор финансовой системы.*

Abstract. *The main purpose of the article to discover the essence and define the role of the Islamic financial system. To identify the features of functioning and development of Islamic financing instruments. Also the main directions of use of Islamic finance in the current conditions of the economy of Kazakhstan are disclosed. In this regard, the analysis*

and the evaluation of the activities of the institutions of this sector of the financial system were made.

Ключевые слова: *исламский финанс, мурабаха, мушарака, мудароба, истисна, салам, вокала, сукук*

Keywords: *Islamic finance, Murabaha, Musharaka, Mudaraba, istisna, salam, vocals, sukuk*

Қазіргі уақытта дамыған және дамушы елдерде исламдық қаржыландыру жүйесін дамытуды көздеп отыр. Себебі оларды исламдық банкинг, исламдық құнды қағаздар, исламдық инвестиция тартудың ерекшеліктері мен артықшылықтары қарастырылады. Бұл жағдайға себеп, исламдық банктердің инвестицияны тартудың артықшылықтары мен ерекшеліктері көп. Салыстыратын болсақ, исламдық қағидаларға негізделген мемлекеттер дағдарыстан көп зиян шекпеді. Ал дағдарыстың басым бөлігі дәстүрлі қаржыны ұстанған мемлекеттерде болды.

Қазіргі әлемдік қаржылық дағдарыс кезінде исламдық қаржыландыру өзінің тұрақтылығы мен әлеуметтік дамуын нақтылап отыр. Исламдық қаржы жүйесінің даму кезеңінде дәстүрлі қаржы жүйесі алдындағы бірнеше ерекшеліктерін көрсетуге болады. Өйткені олар дағдарысқа барынша бейімделген және экономиканың нақты секторын тікелей инвестициялауға мүдделі, сонымен қатар халықтың қаржылық жағдайының деңгейін арттыруға әсерін тигізеді. Бұндай жағдайлар исламдық қаржыландыруға деген сенімді арттырады, ал бұл индустриалды-инновациялық даму жағынан экономиканың жаңартылуына алып келеді. Исламдық қаржыландырудың үлесі көп болған сайын экономика тұрақты болады, айналымдылық мерзімі артады да, ал ауытқу көлемі төмендейді [1].

Қазіргі кезде кейбір Ислам банктері Қазақстан нарығын зерттеп, нарыққа шығу мүмкіндіктерін қарастырып жатыр. Көптеген дамыған елдерде исламдық қаржыландырудың қағидаларына негізделе отырып, дәстүрлі қызметтер көрсетіп келеді. Шарифатта – мұсылман елінің ережелері мен қағидалары толықтай көрсетілген. Этикалық қаржы жүйесінде ақша негізгі тауар ретінде емес, тек айналыс құралы ретінде жүреді. Сол себепті пайыз алуға немесе беруге тыйым салынады. Бірақ бұл дегеніміз исламдық қаржы пайда таппайды деген емес. Дәстүрлі банк депозиттері және несиелері қарастырылмайды. Этикалық қаржының негізгі екі аспектісі активтер және тәуекелді бөлісу болып табылады. Исламдық қаржының ең негізгі мақсаты ол- серіктестік. Ең бастысы исламдық қаржы жүйесінде пайыздық келісімдер жоқ, соған қарамастан исламдық қаржы даму үстінде. Тұрақтылық жағдайында исламдық қаржыландыру дәстүрлі қаржыға қарағанда тәуекелді аз талап етеді. Этикалық қаржы өз тұрақтылығы, ерекшеліктері арқылы ерекшеленеді.

Риба – пайыздық несие, сөзбе сөз аударғанда “артығы” дегенді білдіреді. Ал этикалық қаржыда кез келген заңсыз немесе еңбегі сіңбеген пайдаға тыйым салынады. Рибаның өзін 2 топқа бөліп қарастырамыз: риба аль-насиа, риба аль-фадль. Яғни, ақшаны ақшаға сатып алуға тыйым салады.

Этикалық қаржыландырудың тағы бір өзіне тән сипаты – гарар. Гарар деп -кез келген белгісіздікті айтуға болады. Бұл ереже бойынша жүргізілген мәмілелер нақты сонымен қатар дәл және толық аяғына жеткен болуы керек. Исламдық қаржыда кездейсоқ жағдайдан яғни оңай жолмен қаржы табуға тыйым салынады бұл тыйым этикалық қаржыда майсир деп аталады. Банк көмек көрсетпейді егер сіз алкоголь

сусындарын, құмар ойындар және темекі өнімдерін шығаратын болсаңыз, яғни исламдық қаржыландыруда белгілі бір секторды қаржыландыруға тыйым салу – харам деп аталады [2].

Исламдық қаржы жүйесінде қаржыландыру өзіне тән бірнеше құралдар арқылы жүзеге асырылады. Атап айтсақ, капиталға, қарыздық қаржыландыруға және банк комиссиясын төлеуге негізделген құралдар. Ал бұл құралдардың өздері бірнеше буындардан тұрады. Әр буын өзіне тән талаптарды орындай отыра қызмет атқарады. Этикалық қаржыландыруда банк делдал емес серіктес қызметін атқарады.

Қаржыландыру кезінде банк қаражатты беретін тұлғаның қызметін атқаратын болса ол – рабб аль-маль деп аталады. Ал қаржы тарту кезінде банк - мудариб болады. Осылайша банк екі түрлі қызмет атқарып тұр. Мұндай келісім шарттың атауы – Мудароба деп аталады. Мудароба дегеніміз – бір тарап инвестор, бір тарап сауда – саттықты жүзеге асырушы болатын келісім шарт. Пайда тиісті үлестерде банк пен клиент арасында бөлінсе, ол – Мушарака. Мушарака деп – пайда табу мақсатында еңбек ресурстарын біріктіру негізінде екі немесе бірнеше тараптардың арасында жасалатын мәміле түрі. Демек, жоғарыда аталған екі түрлі келісім шарт капиталға негізделген құралдардың буындары болып табылады.

Өздеріңіз білетіндей дәстүрлі қаржыда “тұтыну несиесі” дейтін ұғым бар. Оны этикалық қаржыда Мурабаха дейді. Ол дегеніміз – қаржы делдалы яғни, банк қажетті активті сатып алып, клиентке өткізу мәмілесі. Осы жердегі басты ерекшелік Мурабахада келісімнің құнын төлеудің 3 нұсқасы бар. Олар:

- Келісім уақытының басында;
- Төлемнің кейінге қалдыру;
- Бөлшектеп төлеу.

Бұл қарызды қаржыландыруға негізделген құралдың алғашқысы. Кейінгі түрі – иджара деп аталады. Иджараны дәстүрлі қаржы жүйесінің лизингімен салыстыруға болады. Яғни, банк клиент таңдаған мүлікті сатып алып, жалға беру келісім шарты. Иджараның лизингтен басты айырмашылығы – банк шығынды өз мойнына алады. Сонымен қатар “салам мен истисна” буындары бар. Салам деп – сатып алушы тауар құнын алдын ала төлеу және тауарды кейін жеткізу бойынша сату – сатып алу келісім шарты болатын болса, истисна – тапсырыс бойынша объектіні жасау бойынша келісімі. Салам мен истиснаны салыстырсақ, истиснада – құрылыс объектісі болса, саламда – ферма тауарлары болады. Борыштық қаржыландырудың құралы сукук қазіргі таңда кеңінен қолданылады. Сукуктың негізгі мақсаты – белгілі бір жобаны қаржыландыру үшін инвесторлардан қаржы тарту. Сукуктың балама атауы – исламдық қаржыландыру. Исламдық қаржыландыруда банк тарифін төлеуге негізделген құрал – вакала деп аталады. Вакала деп – тапсырыс берушінің белгілі бір ұсынған мәмілесін орындайды және ол үшін ақы алады. Бұл шартта мудароба секілді тапсырыс беруші пайда мен шығын жағдайында қатыспайды [3].

Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы жүйесі 1993-1994 жылдар аралығынан бастап, кең етек жая бастады. Бұл үдерістің қалыптасуы мен дамуына бірнеше алғышарттар себеп болды. Біріншіден, аймақтардың дамуы үшін сырттан келетін инвестициялардың рөлі маңызды болды. Екіншіден, инвестиция көлемін көбейту және тәуекелділікті төмендету. Үшіншіден экономикалық тұрақтылықты қалыптастыру болып табылды. Исламдық қаржы жүйесінің барлық қызметтері

адамзаттың игілігі үшін пайдаланылады. Сондықтан этикалық қаржы жүйесінде несие пайызсыз берілумен қатар табысты клиентпен тең бөледі.

Исламдық қаржы жүйесінің болашағы зор деп білеміз. Өйткені, бұл жүйе тазалық пен сенімділікке негізделген және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында қызмет атқарып отыр. Екіншіден этикалық қаржы нақты бір салаға яғни экономикаға негізделген болып табылады. Бұл қаржыландыру жүйесі арқылы елімізге тікелей инвестициялар тартыла бастады. Тікелей инвестиция дегеніміз – несие ретінде емес, серіктестік ретінде беріледі. Осындай инвестиция арқылы еліміздің және Үкіметтің сыртқы қарыздары көбеймейді. Дәстүрлі қаржы жүйесі бойынша тек қаржы секторы дамыса, исламдық қаржыландыру арқылы мемлекетіміздің жалпы экономикасы дамиды. Осыған орай тағы бір маңызды бағыттарының бірі микроэкономиканы, қызмет көрсетуді, ипотека секторын дамыту болып табылады. Бұлай деп айтуымыздың себебі, осы уақытқа дейін “Al - Hilal” банкі 23 млн доллар көлемінде құрылыс, сауда тағы басқа салаларда бірқатар жобаларды қаржыландырған. Сонымен қатар, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ мен «Al-Hilal» банкі бірігіп, ҮИИД бағдарламасы шеңберінде бірқатар жобаларды қаржыландыру және банктің меншікті капиталын 70 млн. долларға дейін арттыру қарастырылған. Мысалы, «ҚазАгроФинанс» жабдықтар мен АӨК үшін техникаларды лизингке алуға Ислам Даму банкінен (ИДБ) 30 млн. доллар көлемінде қарыз алды. ИДБ «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көліктік жоба аясында 400 млн. доллар болатын қаражат бөлді [1].

Қазақстанда исламдық қаржыландырудың дамуы инвесторларға инвестициялаудың баламалы құралдарын ұсынады, жалпы алғанда, ел экономикасының қаржылық тұрақтылығына қолдау көрсетудің қосымша көздерін құруға мүмкіндік береді. Қазір исламдық қаржыландыру секторы – әлемдегі ең жылдам дамушы сектор. 2017 жылға исламдық қаржы институттарының активтерінің жалпы сомасы 1,5 трлн. долларға тең, өсу қарқыны да соңғы жылдары ерекше жоғары – жылына 15-20% құрап отыр.

Этикалық қаржы жүйесін бұдан әрмен қарай дамыту мақсатында елімізде түрлі шаралар жасалу керек. Исламдық қаржыландыру туралы оқу орталықтарының жұмыс атқару барысын жоғарлату керек. Сонымен қатар тиісті жобалар мен шараларды көбейту қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Құлманбай Ә. Исламдық қаржыландыру // Егемен Қазақстан. 2015. 25 тамыз.
2. Байдаулет Е.Ә. Этикалық (ислам) қаржыландыру негіздері: оқу құралы, Екібастұз, 2014. 312 б.
3. Исламское финансирование: теория, практика, вопросы регулирования: Учебник / под редакцией Е.А. Байдаулет. Павлодар. 2016. 428 с.

М.М. Конысбаева, К.Р. Киятбаева, научный руководитель А.К. Боранбаева
«Университет НАРХОЗ», Алматы, Казахстан
M.M. Konyshbayeva, K.R. Kiyatbay, A.K. Boranbayeva
NARXOZ University, Kazakhstan, Almaty